

5. "Казахи", девяти томный популярный справочник, том II, "Исторические личности".
6. Асанбай Аскарлов "Сыны Великого Турана".
7. "Казахстанская политологическая энциклопедия" (Алматы-98). Размещено на Allbest.ru

АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ АРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚТЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕСІ

*Смағұлов Н.Б., тарих магистрі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген ғылым қайраткері [1] атағының иегері, профессор [2] Ақжан әл-Машани елу жылдан артық ғұмырын Әл-Фараби мен Абай Құнанбайұлының арасындағы рухани байланыс пен тарихи сабақтастықты зерттеуге арнаған. Әр түрлі тарихи кезеңдерде өмір сүрген екі ұлы тұлға – Әл-Фараби мен Абай арасындағы байланысты жалғауды өзіне аманат борыш санаған, Ақжан әл-Машани терең ғылыми зерттеулер жүргізе отырып, Абай Құнанбайұлының ғылыми мирастарының әл-Фараби ілімімен байланыстығының мәселесін іздеп, олардың даналықтарының арасын жалғастыратын дәйектер тауып, оны ғылыми тұрғыдан ашып көрсетеді.

Біздің заманымызда Әл-Фарабиге жақын, рухани сабақтас адам бар ма? деген сұраққа Ақжан әл-Машани бірден Абай Құнанбайұлын атап көрсетті. Екі тұлғаның ғылыми мирастарын зерттеу ісіне ұлы ғұламаның тікелей қатысы бар.

«Ел басына күн туған кезде қазақ халқының екі данышпан ұлдарының есімдері біздерге рухани демеу болары талассыз. Олар: біріншісі әл-Фараби, екіншісі – Абай Құнанбаев», - деп Ақжан әл-Машани өзінің «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегінде атап көрсетті [3, 80].

Әл-Фараби мен Абай Құнанбайұлы арасындағы рухани байланыстың сырын ашуға себеп болған оқиғаны автор былай баяндайды: «1976 жылы 8 маусымда Алматыда «Мәдени мұраларды қорғау» съездінде ғалымдардың, мәдени қызметкерлердің алдында әл-Фарабидің кім екенін, қалай ашқанымды және оның 1100 жылдық мерекесінің қалай өткізгенімізді баяндап сөз сөйледім. Сонымен байланысты Түркістан, Отырар ескерткіштерін жөндеу, зерттеу қажет екенін де көпшіліктің есіне салып өттім. Съездің соңына қарай Ахат Шәкәрімұлынан мынадай тексте жазылған хат алдым:

«Ақжан»

«Әл-Фарабиді еңбек етіп, ол діншіл еді деп таласқандардан, оның ғалымдығы күшті деп, ақтап шығып, түріктің, оның ішінде қазақтың Әл-Фарабиін тірілттің. Сол Әл-Фарабиді оқыған, тағлым алған Абай мен Шәкәрім туралы үн қатпай өттің, бұл қалай?»

«Ахат 8.VI.1976 ж.».

Ол кезде Ахат Шәкәрімұлы Абай музейінің директоры еді. Әл-Фараби есімін ол кісі әкесінен естіген болуы керек [4].

Ахат Шәкәрімұлы – интеллектуалдық қабілеті зор тұлға, педагог, қоғам қайраткері болған. Ол 1900 жылы Шыңғыстау бөктерінде дүниеге келген. Жас кезінде ауылдағы мектеп-медреседен хат танып, әкесі Шәкәрімнің жинаған жеке кітапханасындағы баға жетпес мол рухани қазынамен таныс болып, Шығыс пен Батыс мәдениетінің ежелгі дәуірден басталатын жазба ескерткіштерімен таныс болады. Жастайынан көкірегі ояу, зерделі Ахат әкесі Шәкәрімге жақсы шәкірт те бола білді. 1927 жылы Семей қаласындағы Қазақ педагогикалық техникумында оқып жүрген кезден бастап, қызыл коммунистердің Құнанбай әулетіне орнатқан адам баласының төзуі мүмкін емес тозақ өмірді көреді.

Заманында өкімет тарапынан сенімсіздік пен түрлі кедергілерге тап болса да әкелері Шәкәрім мен Абайдан алған аса зор мәдени-рухани және ғылыми білімінің арқасында халқымыздың мыңжылдық тарихы мен рухани дүниесінің қайнар бастаулары мен даму заңдылықтарын жақсы білген.

Әкелері Абай мен Шәкәрімнің әл-Фарабиді оқығанын, онан мол тағлым алғанын Ахат Шәкәрімұлы жастайынан біліп өседі. Ал енді Әл-Фарабиді тұңғыш қазаққа танытқан Ақжан әл-Машанидың Әл-Фараби мен Абай Құнанбайұлының арасындағы байланысты атамай кеткеніне Ахат Шәкәрімұлының алаңдаушылық білдіруі де заңдылық еді. Дүниеден өткенінше Семейдегі Абай мұражайының директоры болып істеген Ахат Шәкәрімұлының сөзінде таза шындық жатты. Өйткені ол көптеген деректерді әкесінен естіген, оның үстіне өзі де заманында тектінің тұяғы яғни зиялы адам болды.

Ақжан әл-Машанидың тұжырымдауынша Абай Құнанбайұлының дүниетанымының қалыптасуына Шығыс пен Батыс өркениеттерінің көне мәдениеті мен өнерінің ықпалы болған. Абай Құнанбайұлы философиясының даналық дариясына орыс мәдениеті бастау болды деген пікірге Ақжан әл-Машани үзілді-кесілді қарсы болды.

Ахат Шәкәрімұлының бұл хаты Ақжан әл-Машанидың қазақ халқының мыңжылдық ұстаздары болған екі алыптың арасындағы рухани байланысты асқан зейінмен және ыждағаттықпен зерттеуді жылдам қолға алуына себеп болды.

Осы хаттан кейін Ақжан әл-Машанидың ойына мынадай сұрақтар пайда болды. «Екеуі де мұсылман, ислам қағидасын көздің қарашығындай қадірлеген түркі нәсілі. Демек, рухы жағынан екі ұлы адам бір-біріне неге ұқсасмасқа?, Абай ұлы ұстазынан неге тәлім алмасқа? екеуінің де тәлімі Шығыс мәдениеті. Олардың рухани байлығында неге ұқсастық болмауы керек» [5, 4]. Екі ұлы тұлғаның арасындағы рухани байланыстың болғанына кәміл сенген ғалым қазақ халқы үшін маңызды болған бұл сұрақтың кілтін табады. Оны төмендегідей түсіндіріп: «Қарқаралы – қазақ даласының мәдени орталығы болған жер. Қарқаралыдағы Құнанбай мешітінің алғашқы имамдары Қазаннан, Уфадан келген татар-башқұр ғалымдары болған. Атап айтсақ олар: Хасан Ахун Хайролла, Сопыжан Хазіреттер. Олар Қазанда медреселер салдырған атақты ғалым Шахабутдин Маржанидің шәкірттері болған. Семейде де сол кісінің шәкірттері ұстаздық қылған. Қазақтың халқының ақыны Абай өзінің әкесі салдырған мешіттерде болған және Шахабутдин Маржанидің ілімінен тәрбие алған» [6, 44], – деп нақтылап жазып көрсетеді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның қоғамдық-саяси және рухани өмірінде Ш.Маржани шәкірттері ұйымдастырған медреселердің ықпалы зор болып, қазақ халқының білім мен ғылымының дамуына тікелей қамқоршылық жасап, ағартушылық қызмет атқарды.

Шахабутдин Маржани дүниежүзіне белгілі ғалым, ол ислам дінінің ғылыми-гумандық негіздерін жоғары көтерген адам, бүкіл түркі тілдес халықтардың тарихын жазған. Өзінің еңбектерінде қазақ хандарының тарихынан көп мағлұмат қалдырған. Ол Шоқан Уәлихановтың еңбектерін пайдаланған. Екінші жағынан Шахабутдин Маржани біздің ұлы бабамыз Әбу-Насыр Әл-Фараби еңбектерін жоғары бағалаған. Соның арқасында Әл-Фараби есімі Қазан, Уфа медреселерінде мәлім болған. Шахабутдин Маржани арқылы Абай мен Шәкәрім Әл-Фарабиді білген. Құнанбай мешітінің алғашқы имамдары Қазаннан оқып келген татарлар болған. Олар Қазақ даласының түкпір-түкпірінен медреселер ашып балалар оқытқан. Абай жас кезінде Семейдегі Ахмет Ризи медресесінен тәлім алған. Ал Қазан медресесі ол кезде Ресей империясында бүкіл ислам елдеріндегі оқу орындарының ең алдыңғы қатарынан орын алған. Оның себебі Шығыстану ғылымдарының туын жоғары көтерген ірі ғалымдар XIX ғасырдың орта кезінде көбінесе Петербург пен Қазанда бас қосатын. Олар Петербург Ғылым академиясының мүшелері; Вельяминов-Зернов, Барон Тизенгаузен В.В., Радлов В.В. т.б. болатын.

Бұлар жалпы шығыстануда, соның ішінде Орта Азия мен Қазақстан жерінде көптеген еңбек еткен және арттарынан баға жетпес ғылыми мирас қалдырған. Мысалы Радловтың

ғылыми істерін қарайық. Ол бүкіл өмірін түркі тілді нәсілді халықтар тілін зерттеуге арнаған. Оның еңбектері түркітанушылардың бас құралы болып саналады. В.В.Радлов түркі тілдер میرасын жинауды алдымен Алтайдан, Қазақстан жерінен бастаған. Сонан кейін сол еңбектерін әрі қарай дамытуды, талдауды Қазанда аяқтаған.

Қазанның ғылыми ортасымен байланысты болған ірі ғалымдар да көп болған: Олар Будаков Л.З., Ильминский Н.И., Потанин Г.Н., Шахабуддин Маржани, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Аристов Н.А., Березин И.Н., Гасперинский С. т.б. болған [3, 82].

Осы ғалымдардың еңбектерін оқыған адам Абайдың ой өрісінің қайдан дамығанын түсінеді. Солардың ішінен XIX ғасырдың аяғы және XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың зиялы адамдарының ұстазы болып саналатын Шахабуддин Бағаутдинұлы Маржанидің Абай Құнанбаевтың рухани өміріндегі алатын орны да ерекше еді. Шахабуддин Маржани Қазан қаласына таяу жерде 1818 жылы дүниеге келіп, 1889 жылы қайтыс болған. Ол кісінің үлкен әкесі Сухбан деген адам тарихи материалдарды өте көп жинаған адам екен. Ол кісінің көп айтатын мақамы: «Өткенді білгендіктен жинаймын, келешекке білмегендіктен ұмтылмаймын». Осы мақал оның немересі Шахабуддиннің ғылыми еңбектеріне арқау болған сияқты. Ш.Маржани татар халқының, сонымен байланысты бұлғар, қала берді барлық Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихын зерттеуге негіз салған адам [3, 83].

Ш.Маржани В. Радлов т.б. шығыстанушы ғалымдармен таныс болған. Солар арқылы Еуропа елдеріне, батыс елдерінің энциклопедиясына ислам мәдениеті жөнінде көп мақалалар жазған. Өзінің халқын өнер үйренуге, ғылым үйренуге, орыс тілін үйренуге шақырған. Сонымен бірге халықты орыс тілі мен дініне шақырған миссионерлер де болды. Олар жөнінде Ш.Маржани былай деген «Өзінің дінін, тілін, елін білгендер ғана орысша оқыса, ол жақсы. Оны білмей, орысша оқыса ол жаман, онан қайыр күту қиын». Бұндай пікір Абай Құнанбаевта да кездеседі [3, 85].

Ш.Маржани көп уақыт Бұхарада, Самарқанда, Таяу Шығыста, Араб елдерінде, Стамбулда болған. Еліне оралғаннан кейін медреселер ұйымдастырған. Қазандағы атақты медресе «Ғалия» сол кісінің ұйымдастырып ашқан медресесі. Революцияға дейін қазақ халқының көптеген азаматтары «Ғалияда» оқыған. Сол сияқты медреселер қазақ елінде де болған: мысалы, Қарқаралыда, Семейдегі медреселерде Маржанидің өзінен тікелей тәлім алған адамдар қазақ балаларын оқытқан. Абай Құнанбайұлы Семейде Ахмет Риза медресесінде сол Маржанидің шәкірттерінен оқыған. Сол Маржани әл-Фараби еңбектерін жоғары бағалаған әрі медреседе арнайы пән ретінде сабақ жүргізген. «Ғалияда» оқыған Мағжан Жұмабаевтың «Қазақтың кім білмейді музыкасын, Фараби тоғыз шекті домбырасын», – деп жырға қосуы осының дәлелі болса керек [6, 45].

Ақжан әл-Машани жоғарыда көрсетілген деректерге сүйене отырып Әл-Фараби мен Абай арасындағы жалғастықтың басты себепшісі Ш.Маржани болуы керек деген берік ғылыми тұжырым жасады. Оған себеп Абай Құнанбайұлы еңбектерінде Маржанидің қозғаған мәселелердің көптеп кездесетінін көрді. 1884 жылы Қазан қаласында Ш.Маржанидің «Мұстафад Әл-ахбар фи ахвали Қазан ва Бұлғар» атты еңбегі жарық көреді. Осы еңбегінің ішінде оның Орысхан, Қасым хан әулетіне арналған бөлімдері бар. Ақ Орда мен Сібір хандықтары жөнінде кеңінен деректер келтірілген. Демек Маржанидің бұл еңбектері тікелей қазақ халқының тарихына қатысты. Ол материалдар жинақтау үшін қазақ жерін көп аралап, шежіре жинаған, атақты адамдармен кездескен, олар туралы құнды деректер қалдырған. Мысалы ол өзінің тарихи еңбегінде Шоқан Уәлихановтан алған мәліметтерін келтіреді [3, 83].

Бұл арада біздің алға қойып отырған мәселемізде нағыз керек жері Әл-Фараби туралы. Ш.Маржани әл-Фарабиді терең зерттеген, түсінген және кейінгі ұрпаққа жеткізген. Әл-Фараби философиялық трактаттарында дүниенің заңдылықтарына ғылыми тұрғыдан таныған. Оның ғылыми идеяларына қарсылар көп болған. Мысалы атақты араб дүниесінің ғалымы Әл-Ғазали кейін Әл-Фараби мен Ибн Синаға қарсы пікір айтып кітап жазған. Ақжан әл-Машани ғылыми-зерттеу жұмыстарында Ш.Маржани Әл-Фараби мен

Әл-Ғазали еңбектерін салыстыра келіп мынадай қортындыға келеді. Бұл екеуі де ғылымда, адамдық жолында, ғадалдыққа, шындық іздеуде бір-біріне ұқсас және бір-бірін толықтыратын ғұламалар. Ш.Маржани Әл-Фараби мен Әл-Ғазалидің ғылым үшін өзара таласында олардың іздегені бір шындық, оған екеуі екі жолмен келіп тоғысқан деп түйіндеген [3, 86]. Ш.Маржанидің Әл-Фарабиден келтірген сөздері Абайда да кездеседі. Атап айтсақ «ғақли», «нақли» деген т.б. түсініктері. Ш.Маржани заманында патшалық Ресей империясы бұратана елдерге, соның ішінде мұсылман дініндегі халықтарға қатты қысым көрсеткен. Татар, башқұрт, қазақ, қырғыз т.б. халықтардың шұрайлы қоныстарын тартып алып, еріксіз шоқындыру мақсатын көздеген. Дінге ену өрескел зорлықпен емес, шындық жолымен өтетін процесс екенін Ш.Маржани ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге тырысқан. Әр діннің өзіндік ғылыми шындық жағы бар да, жалғандық дүмше жағы бар. Мысалы, Лев Толстойдың ислам дінін жақтаған әділеттілігі үшін оны христиан дінінің шіркеуі қуғынға салды. Ал шындық іздеген Ш.Маржани мен Л.Толстой тілектес жандар болған. Абай мен Шәкәрімнің Маржани мен Л.Толстойды жоғары құрметтеуі, оларды бірдей ұстаз тұтуы сол шындық жолындағы ортақ пиғылдарының дәлелі екені анық еді [3, 90]. XIX ғасырда Қазақстанға діни ұстаздар моллалардың бір бөлігі Бұхара мен Ташкент жағынан келгендер болатын. Бұлардың дені исламның ғылыми бағытынан емес әдет-ғұрып жағынан тәрбие алғандар еді яғни «нақлишылдар» болды. Абай мен Шәкәрімнің қарсы болғандары сол Орта Азия жағынан келгендер және солардан тәлім алғандар еді. Абайдың «Бұл заманның молдалары философияға қарсы болатыны бұзық пиғыл» деп отырғаны солар. Оны Әл-Ғазалиден қалған дәстүр деуге болады [3, 91].

Әл-Фараби мен Абай арасындағы рухани байланыстың алтын жібін тауып, әрі оны ары қарай дамытқан Ақжан әл-Машани: «Сонымен XIX ғасырдың екінші жартысында Абайдың заманында Қазақ даласында исламның екі түрлі ағымы майдандасты деуге болады. Оның бірі Әл-Фарабиден – Ұлықбектен – Маржаниден бағыт алған халықты ғылым білімге шақырған ислам «Ғақлишылдар», екіншісі Әл-Ғазалиден – Бақырғаниден бағыт алған әдет-ғұрып жағынан тәрбие алған ислам «Нақлишылдар» болды. Әл-Фарабидің туған жеріне оралғандағы Абаймен кездесетін яғни қазақ халқының екі тұлғасының рухани байланыстарының жалғасатын орны исламның ғылыми бағыты болып табылады» [3, 92], – деп нақты болжам жасады. Бастапқыда ислам мәдениеті барлық ғылымдарды дамытты. Кейінде ғылыми бағыттан гөрі діни бағыты дамып, көп ғасырлар бойы ислам мәдениеті кешеуілдеп қалды. Бұл соғылық, шырақшылық әдеттер үстемдік алған кезде Әл-Ғазали сияқты адамдар бірінші орынға шықты да Әл-Фараби сияқты ғалымдарға көңіл бөлінбей қалды [3, 91], - деген ғұлама ғалымның пікірі бүгінгі күнде де күн тәртібінде тұрғаны жасырын емес.

Ақжан әл-Машанидың пікірінше Әл-Фараби ғылым үйреніп, оны дамытып, дүние жүзіне ұстаздық етсе, соның ғылымынан тағлым алған Абай өзінің еңбектерінде Әл-Фарабидің мұраларын қолданса, бұл екі ұлы ұстаздың арасындағы рухани байланыстың болғанына дәлел болады екен. Сонымен мақаланың соңында қорыта айтқанда Ақжан әл-Машани ұлттық құндылықтарды дамытудағы өзінің қажырлы еңбегінің нәтижесінде Әл-Фараби мен Абай Құнанбайұлының арасындағы рухани сабақтастықты іздеп, зерттеп оның кілтін табады. Әл-Фараби мұрасын зерттеуде теңдесі жоқ мұра қалдырды және әл-Фараби қағидаларының бүгінгі ғылымдағы көріністері мен қазақтың дүниетанымдық пайымдауларын зерделеуде фарабитану методологиясының ғылыми-ислами негізінің концепциясын жасады. Шахабуддин Маржанидің еңбегі арқылы Әл-Фарабиді тапқан Абай Құнанбайұлы өзінің философиялық ғылыми қағидасын тұжырымдауда ұлы бабасынан тағлым алған. Ақжан әл-Машанидың ғылыми-зерттеу еңбектерінің нәтижесінде адамзат өркениетінің дамуына зор үлес қосқан екі ұлы ұстаз Әл-Фараби мен Абай Құнанбайұлы араларына мың жыл салып барып, қазақ жерінде қайта бас қосады. Түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының даңқты екі ұлы перзентінің арасын жақындастыру, үндестіру – халқымыздың мыңжылдық мәдени-рухани болмысы мен дүниетанымының қайта жаңғыруы болып саналады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. ҚР ОМА, 2285 қор, 1-тізімдеме, 118-іс.
2. ҚР ОМА, 2285 қор, 1-тізімдеме, 115-іс.
3. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. Алматы: «Қазақстан», 1994. – 192 б.
4. ҚР ОМА, 2285 қор, 1-тізімдеме, 195-іс. 2-парақ
5. Әбдіраман Ш. Дегдар. // Егемен Қазақстан. 2006. – 2 қараша. – 6 б.
6. «Памятные вехи моего пути в науку», «Өмір асулары», «Құспек-Кент төресі» Библиография. Ақжан Машановтың өзі және атасы туралы жазған мақалалары. ҚР ОМА, 2285 қор, 1-тізімдеме, 76-іс. 1968-1995 жж. Парақ саны – 81.

XIX ғ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰСЫЛМАН ДІНІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

*Мәшімбаева Г.С., аға оқытушы, т.ғ.к.
Қазақстан инновациялық және
телекоммуникациялық жүйелер университеті
Орал қ., Қазақстан*

Бүгінде Қазақстан Республикасы көпұлтты мемлекет ретінде, әлемдік қауымдастық алдында, әрбір ұлттың рухани дамуын қамтамасыз етуді өз міндетіне алған және оны кезеңдермен іске асырған мемлекет ретіндегі қызметін орындауда. Ата заңымызбен бекітілген зайырлылық принциптерімен қатар, заң шеңберіндегі діни еркіндік те берілді. Әрбір конфессияның, оны ұстанушы ұлттың жүріп өткен тарихи жолы әртүрлі. Қолдау, қудалау мен қуғын-сүргінді басынан өткерген халықтар, дін қызметкерлері, діни ұйымдар тарихы, жүріп өткен жолы тарих ғылымы үшін аса маңызды.

Жергілікті ұлт өкілдері қазақтар мен кенес заманында келген жекелеген ұлттардың діни саналатын ислам дінінің өлкеде таралуы, отандық тарих ғылымы үшін аса өзекті тақырыптардың бірі. Сол себепті, ұсынылып отырған мақалада мұсылмандық белең алған XIX ғ. алғашқы ширегінен басталатын қазақ даласындағы ислам дінінің таралуы зерделенеді.

XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстандағы Ресей билігінің бекімеген кезеңі. Қазақстанның батыс, солтүстік бөліктеріне әскери желілер тұрғызып, бақылауға ала бастаған кезең.

Дегенмен, XVIII ғ. бастап Қазақстанның Ресей ықпалына өтуі өлкеде айтарлықтай өзгерістер әкелді. Ресей билігінің жарлықтары бірі күшпен енгізілсе, келесі іс-шаралары алдын-ала жоспарланып кезеңдермен жүзеге аса бастады. Қазақ даласының рухани өмірін өз ықпалында ұстауға тырысқан патша әкімшілігі діни білім беретін мектептерге ден қойды. Алғашқыда жүргізілген христиандандыру саясаты билік күткен нәтиже бермеді. Дін, діни білім, оны енгізу алдыңғы қатарлы мәселелердің біріне айналды.

XVIII ғ. Қазақстандағы діни ахуал жайлы патша әкімшілігінде қате пікір қалыптасты. Тарихшы ғалым Т.И. Сұлтанов бұл жайлы «В России сложился ошибочный взгляд, что все население бывшего Джучиева Улуса правоверные магометане и ислам – единственный источник их мировоззрения, государственного строя и общественного быта» [1, 270 б.] деген болатын. Кіші жүздің ханы Әбілқайырға жіберілген А.И. Тевкелевке, ант қабылдау рәсімінде құранды пайдалануға нұсқау берілді. Хан және онымен бірге ант қабылдайтындар құранды ұстап тұрып ант беруі тиіс болды. Дегенмен, мұсылман орындауы тиіс бес парыз, діннің басқа да әдет-ғұрыптарын т.б. қазақтар ұстанбады. Бірақ, деректерде 1748 жылы қайтыс болған Әбілқайыр ханның мұсылман діни ғұрыптарымен жерленгені айтылды.

Тарихшы Т.И. Сұлтановтың пікірінше исламның қазақ даласында «жеңіске жетуі» қазақтар ресейлік проекторатты қабылдағаннан кейін, христиан дінін насихаттау нәтижесінде жүзеге асты [1, 271 б.]. Орыс үкіметінің исламға деген көзқарасы әртүрлі